

**Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебі**

**1-сынып оқушыларының  
2022-2023 оқу жылында өткізген тәрбие жұмысы  
бойынша жылдық есебі**

**2022-2023 оқу жылы**

## Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебінің 1-сынып оқушыларының 2022-2023 оқу жылында өткізген тәрбие жұмысы бойынша жылдық есебі

2022-2023 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау. Осыған орай атаулы күндері сынып сағаттары өтіліп, әлеуметтік желілерге жарияланып отырды.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.

«1 қыркүйек – Білім күні» «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында мерекелік салтанатты жиыны сағат 09.00-де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Оқушылар мерекелік жиынға толыққанды қатысты.

«Ұстаз – ұлағатты тұлға» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушылар ұстаздарын құттықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

1- сыныпта «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында оқушылар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 31 жыл аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты маңызды оқиғаларға шолу жасап, Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең екенін, Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз екенін айтып өтті.



Сонымен қатар, оқушылар «Каникулда кітап оқимыз» атты акциясына, «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында челенджер түсірді. Челенджер фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланды.



12-ақпан «Мен ғарышкер боламын» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар ғарыш әлеміне саяхат жасады. Сабақта түрлі ойындар мен сурет салу, эссе жазу жұмыстары қамтылды. Сабақ өте қызықты өтті деп бағаланды.



Көктемнің жайлы шуақ күнінде жыл басымыз Әз-Наурыз мерекесі тойланып, ұлттық киім үлгілері киілді. Дастархан жайылып, оқушылар мәз-мейрам болды.

«Ата-ана мен бала байланысы» тақырыбында ата-аналарға арналған тренингтер өткізілді. Оқушылар өз ата-аналарын ыстық құшақтарын жая қарсы алып, түрлі ойындар өткізілді.






«Досыма кітап сыйлаймын» акциясына қатысып, достар бірін-бірі кітап сыйлау арқылы қуантты.



Оқушылар арасындағы әлімжеттікті азайту мақсатында «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, пікірсайыстар, ой бөлісіу, ситуациялық жағдайлар ұйымдастырылып, оқушылармен бірлесе отырып, мәселенің шешімін табуға тырыстық.




«Нашақорлыққа жол жоқ!» ашық тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар зиянды заттардан аулақ болу керек екендігін ұғынды.



Жыл бойына жоспарланған тақырыптар толық меңгерілді.

**Шомшақты жалпы білім беретін мектебі**

**2023-2024 оқу жылында бастауыш сынып  
әдістемелік бірлестігінің жыл бойына атқарылған  
тәрбие жұмысының есебі**



2023-2024 оқу жылы



## 2023-2024 оқу жылында бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жыл бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебі

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс- шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, *Ұлттық мүдде құндылығы бойынша*: 1 қыркүйек - білім күні«Мектеп – мейірім мекені», «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз», «25 қазан – Республика күні»атты тәрбие сағаттары, *Ар-ұят құндылығыбойынша*«Отбасы – тәрбие бастауы», «Мағжан Жұмабаевқа 130 жыл» атты тәрбие сағаттары, «Қарттарым – асыл қазынам», «Ұстаз-ұлы есім» тақырыбында бейнеқұттықтаулар мен бейнекөріністер, *Талап құндылығыбойынша*«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты бейнекөрініс түсірілді.

01.09.2023ж күні «Мектеп-мейірім мекені» атты тәрбие сағаты өтті.



Бастауыш әдістемелік бірлестігінде 75 оқушы бар. Атап айтсақ, 1-сыныпта-22 оқушы, 2- сыныпта 19 оқушы, 3- сыныпта 16 оқушы, 4-сыныпта-18 оқушы бар. Әлеуметтік жағынан қорғалатын оқушыларға көңіл бөлініп отырады. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, жартылай жетім – 1 оқушы, көп балалы отбасы балалары – 20 оқушы, аз қамтамасыз етілген отбасы – 0 оқушы. Барлық 75 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.



Бірлестіктің барлық оқушылары дәстүрлі мектеп іс-шараларына қатысты, бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділігінің деңгейі әртүрлі. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымшылдық, балаларды жандыру, әр баланы іс-әрекетке қатыстыра білудің арқасы.

Оқушылардың сабаққа қатысуы күнделікті қадағаланып, сабаққа келмеу немесе кешігіп келу себептері түсіндіріліп, ата-аналармен, сынып жетекшілерімен тығыз байланыс орнатылды. Мектепке бару туралы есеп күн сайын жарияланды.

Мектепте қауіпсіз болу үшін сыныптарда байланыстар бақыланды. Жұқпалы ауру белгілері бар оқушыларды анықтау кезінде мектеп медбикесінің бақылауына жіберілді. Ауырғаннан кейін оқушылар емханадан сауықтыру іс-шарасын тағайындау туралы анықтамасы болған жағдайда сабаққа жіберілді. Жыл ішінде оқушылар тарапынан да, педагогикалық және ата-аналар қауымы тарапынан да құқық бұзушылық фактілері анықталмады.

Әлеуметтік мәртебесін айғақтайтын құжаттар жинақталып, арнайы папка жасалынды. Осы мәртебедегі оқушылардың іс-шараларға қатынасуы басты назарда ұсталынып отырды. Оқулықпен толық қамтамасыз етіліп, қажетті құжаттар жинақталынды.

Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары бойынша дарынды оқушылар іріктеліп алынды.



Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығынан «Кенгуру» ойын -конкурсына Құдайберген Айару , Абдықайым Кәусар қатысып дипломмен және сертификатпен марапатталды.

*Талап құндылығы бойынша* «Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» атты бейнекөрініс түсірілді.





1.10.23ж. "Өнерлінің өрісі кең" "Туған жердің табиғаты"- атты қолөнер көрмесін Ханым Салхожаева ұйымдастырды. Оқушылар өз қолдарымен жасаған әр түрлі бұйымдарын дайындап әкелді. Аптаның соңына дейін балалардың жұмыстары қабылданып, көрмеге қойылып отырды. Мектепшілік көрмесінде I орынға Шәріп Данагүл иеленсе, II орынды Мекенбай Інжу алды.



2.10 23 ж «Қарттарым асыл-қазынам »атты тәрбие сағатымыз өткізілді.



Мақсаты:Оқушыларды үлкенді сыйлап құрметтеуге тәрбиелеу.Сабағымыз ой бөлісумен басталды.Әр оқушы ата-әжелері туралы жақсы сөздер пікірлерін ортаға салды.Ата-әжелеріне арнаған өлең-шумақтарында айта білді. Мектепшілік қарттар ұстаздар күніне орай мерекелік іс-шаралар өткізілді.Бұл мерекелік іс шараға Мектебіміздің зейнеттегі ұстаз Мустафаева Балагүл т,б қарттар арнайы шақырылып сый-құрмет көрсетілді.Қарттар күніне орай әр сынып оқушылар топ болып үйлер аралады.Үлкен жастағы көпті көрген ата-әжелермізбен ой бөлісіп,пікір алмасып қайтты.

14.11.20223ж. Ертегі әлемі. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» Ы.Алтынсарин. Қазақ халық ертегілері -ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын дүниетанымын тұрмысы мен салтын әдет ғұрпын нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегі оқу арқылы балалардың тіл байлығы дамиды.





Сонымен қатар, оқушылар «Каникулда кітап оқимыз» атты акциясына, «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында челенджер түсірді. Челенджер фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланды.



11.12.23ж Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз тұғырым» атты іс-шара өткізілді. Оқушылар жақсы атсалысып қатысты.



17.01.24 ж.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «20 минуттық кітап оқу» тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.






05.03.22 күні Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ұйымдастырылған «Ана жүрегі» атты тәрбие сағаты өтті.



19 ақпан күні "Өнерлінің өрісі кең" айдармен сурет және қолөнер көрмесі өткізілді. Оқушылардың жұмыстары сараланып, үздік жұмыс иелері анықталды.

Келесі күні Еркін Омарованың ұйымдастыруымен

"Мақал -сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы" атты сыныптан тыс іс шара болып өтті. Сабақ барысында әртүрлі қызықты сайыстар балалардың қызығушылығын арттырды. Барлық балалар сайысқа белсенді қатысты. Мұнда оқушыларға сонымен бірге ертегілер бойынша түрлі қызықты сұрақтар мен тапсырмалар берілді. Балалар бар қызығушылығымен, ынталығымен қатысып, сұрақтарға жауап берді. Іс-шараның соңында балаларға тәтті сыйлықтар таратылды.



Ханым Салхожаеваның ұйымдастыруымен "Ізгіліктің бір ісі -алғыс айту" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатына мектеп мұғалімдері қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Бұл сайыста оқушылар гүлдердің түсін таңдау арқылы «Әдептілер» және «Инабаттылар» атты екі топқа бөлінді. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен ойлау дағдыларын ескере отырып, қызықты тапсырмалар құрастырып берілді. Өткізілген тәрбие сағатын талдай отырып, әріптестер мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «Жақсы» деген қорытынды жасады. Қатысқан оқушыларға мадақтау қағаздары берілді.



1 мамыр Қазақстан бірлігі күніне орай сынып сағаты тартымды әрі қызықты өтті.

Жыл соңына қарай балалар хайуанттар бағына серуендеп көңілді көңіл күймен қайтты.



16.09.2023 ж. Ата – аналар жиналысы өткізілді. Жиналысқа 19 ата-ана қатысты. Оқушылардың пәндерге ынтасы мен қызығушылығы, «Мектеп формасы», «мектеп ережесі», «Қауіпсіздік ережелері» туралы мәселелер қозғалды. Ата-аналармен әр түрлі тренингтер мен сауалнамалар жүргізіліп, бейнематериал ұсынылды.


Биылғы оқу жылында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жүргіздік. Бұл Орталықтың бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылды.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.



|   |   |
|---|---|
| <p><b>Әрбір бала – жарықжұлдыз</b></p> <p><b>Әр баланың Ерекшелігін қалай ашамыз?</b></p> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу</li> <li>2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Ауру қалса да, әдет қалмайды.</li> <li>3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?</li> <li>4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті.</li> </ol> |
|---|---|



23 ақпан күні «Білім және даму орталығы» жобасы аясында бастауыш сыныптардың ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Педагогикалық қолдау орталығының кездесуіне 20 ата-ана қатысты. Мақсатымыз ұлттық құндылықтар негізінде ата-аналарға қолдау көрсете отырып, мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың берік іргетасын қалау.

**Кездесудің тақырыбы:** Құмар ойындары –тәуелділік қақпаны. Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?

**Бағдарлама төмендегідей мазмұнда өтті.**

1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері
2. Интернетті пайдалану режимін сақтау
3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай

корғауға болады?


4. Тақырыбы: Компьютерлік ойындарға балама: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, кітап оқу, серуендеу, театр.

«Компьютерлік ойындарға балама: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, кітап оқу, серуендеу, театр». Бұл тақырып кездейсоқ таңдалған жоқ, өйткені балалар да, ересектер де бос уақытының көп бөлігін Интернет әлемінде өткізуді қалайды. Жиналыста ата-аналар фотослайдтар арқылы өздерін, отбасын бос уақытында, гаджеттерге қаншалықты тәуелді екенін, отбасылық кештері мен демалыс күндерінің қалай өтіп жатқанын талдау үшін экспериментке қатысуға шақырылды.

Көмек көрсету үшін гаджеттерді ауыстырудың бірнеше балама нұсқалары ұсынылды:

Отбасылық оқулар, шығармашылық кештер, аспаздық байқаулар, спорттық жарыстар мен отбасылық серуендер, мәдени саяхаттар, акцияларға қатысу, челленджер, квесттер және т.б.

Сондай-ақ, эксперименттің негізгі шарты ересектердің өздері де ережелерді қатаң сақтауы болды: балалар + ата-аналар + бос уақытында неше түрлі іс-әрекеттер, бірақ компьютерлік ойындар мен гаджетсіз, тек тірі қарым-қатынас болды.



"Әкені көріп, ұл өсер, шешені көріп қыз" өсер тақырыбында

Педагогикалық қолдау орталығының кездесуі болды. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері. Балаға жақсы әдеттерді үйрету. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.



Оқушылардың сабаққа бейімділіктерін анықтау мақсатында мектеп психологтары сабақтарға қатысып анализ жасап отырды. Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша арнайы сүзгі дәптері басталған. Медбикемен бірлікте сабаққа қатыспаған оқушы дер кезінде анықталып отырады. Жоғарыда аталған жұмыстарды саралай келе педагог – психологпен және пән мұғалімдерімен жұмысты жандандыру керек деген ұсыныс білдіремін. Жыл соңына қарай балалар хайуанттар бағына серуендеп көңілді көңіл күймен қайтты.



### **Келесі оқу жылына ұсыныстар:**

1. Мақалалар, әдістемелік әзірлемелер, оқу бағдарламалары және т.б. жариялау арқылы жұмыс тәжірибесін тарату жұмысын жандандыру.
2. Ата-ана мен бала, отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайту;
3. Отбасының мәртебесін көтеруге бағытталған ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;

**Сынып жетекшілер:**

Е. Омарова  
К. Шилманова  
М. Оспанова  
Х. Салхожаева

**Шомшақты жалпы білім беретін мектебі**

**Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің 3-сынып  
оқушыларының 2024-2025 оқу жылының басындағы  
өткізген тәрбие жұмысының есебі**

**2024-2025 оқу жылы**



### **Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебінің 3-сынып оқушыларының 2024-2025 оқу жылының басындағы өткізген тәрбие жұмысының есебі**

2024-2025 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, аудандық білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау. Осыған орай атаулы күндері сынып сағаттары өтіліп, әлеуметтік желілерге жарияланып отырды.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кенінен жоспарланды. Мектеп әкімшілігімен «Мектепке жол» акция аясында бірлесіп атқаратын жұмыстардың көлемі бекітілді. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары бірлесіп жасалды.

«1 қыркүйек – Білім күні» «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында мерекелік салтанатты жиыны сағат 09.00-де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Оқушылар мерекелік жиынға толыққанды қатысты.

«Ұстаз – ұлағатты тұлға» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушылар ұстаздарын құттықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

3- сыныпта «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында оқушылар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 31 жыл аясында «Тәуелсіздік жетістіктері» атты маңызды оқиғаларға шолу жасап, Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең екенін, Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан күдіретті сөз екенін айтып өтті.



Сонымен қатар, оқушылар «Каникулда кітап оқимыз» атты акциясына, «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында челенджер түсірді. Челенджер фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланды.



«Ата-ана мен бала байланысы» тақырыбында ата-аналарға арналған тренингтер өткізілді. Оқушылар өз ата-аналарын ыстық құшақтарын жая қарсы алып, түрлі ойындар өткізілді.




«Досыма кітап сыйлаймын» акциясына қатысып, достар бірін-бірі кітап сыйлау арқылы қуантты.







Оқушылар арасындағы әлімжеттікті азайту мақсатында «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, пікірсайыстар, ой бөлісіу, ситуациялық жағдайлар ұйымдастырылып, оқушылармен бірлесе отырып, мәселенің шешімін табуға тырыстық.



«Нашақорлыққа жол жоқ!» ашық тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылар зиянды заттардан аулақ болу керек екендігін ұғынды.



Жыл басындағы жоспарланған тақырыптар толық меңгерілді.